

ҒТАР 17.17.71

Ғылыми мақала

Т. Торткүлбаева

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты,
Нөкіс қ., Қарақалпақстан Республикасы
(E-mail: tortkulbaevatursynaj@gmail.com)

Абай шығармашылығы және қарақалпақ әдебиеті

Аңдатпа. Қазақ және қарақалпақ әдебиеттерінің байланысын зерттеу барысында Абай Құнанбаев шығармашылығы басты назарда болады. Қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің байланысын зерттеу кезеңінде ұлы Абай шығармашылығы қарақалпақ әдебиетінде сөз болуға тиісті. Оның басты себептерінің бірі қазақ-қарақалпақ халқының өмір сүру ортасының, тілінің бірбіріне жақындығы болса, екіншіден, Абайдың да көркем әдебиеттен сусындағын бастау көзі – халық ауыз әдебиеті. Халықтық дидактикаға құрылған шешендік сөздер, терме-толғаулар әр кез ұлы дарындарға қуат берген. Осы негізде қарайтын болсақ, Бердақ пен Абайдың сөз өнерінде өзіндік биіктен көрінуінде халықтың даналық ойы, бай мұрасы жатыр. Сондықтан қарақалпақ сөз зергерлері Абай туындыларын жатсынбай, өзіне үлгі-өнеге ретінде қабылдады.

Түйін сөздер: Абай Құнанбаев, қарақалпақ әдебиеті, аударма мәселесі, түркі халықтары, туысқандық

DOI: <https://doi.org/10.71078/dcqvdw55>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 24.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз елдеріміздің рухани өміріне тың және көптеген игі жаңалықтар әкелгені мәлім. Солардың бірі – ежелден тарихы тағдырлас, тілі туыс, әдет-ғұрпы мен салт-санасы өзара ұқсас болып келетін түркі тектес халықтар әдебиеттерін бауырлас, бір тектес, өзара байланыстарын танып білу болып отыр.

Түркі тілдес немесе түркі тектес халықтар тобына: азербайжан, башқұрт, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, құмық, қарашай, ноғай, татар, түрікмен, өзбек, ұйғыр, хакас, алтай, саха, чуваш, салар, шор, гагауыз халықтары енетіні мәлім.

Біз әдеби байланыс және салыстырмалы зерттеу барысында қазақ, қарақалпақ халықтары тілінің өте жақындығын, әдебиеттері тарихына ерекше тоқталамыз.

Бұл аталмыш екі халықтың келіп шығу тарихы бойынша да, басынан кешкен өмірі тағдырлас екендігін, қазақ-қарақалпақ халықтары әдебиетінің өзара байланысын, сан ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр жалғастығын, олардың бір-біріне әсерін шығармалардың идеялық, көркемдік ерекшелігін, жалпы даму заңдылығы өзара ұқсас болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

Қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің байланысын зерттеу кезеңінде ұлы Абай шығармашылығы қарақалпақ әдебиетінде сөз болуға тиісті. Оның басты себептерінің бірі қазақ-қарақалпақ халқының өмір сүру ортасының, тілінің бірбіріне жақындығы болса, екіншіден, Абайдың да көркем әдебиеттен сусындағын бастау көзі - халық ауыз әдебиеті. Халықтық дидактикаға құрылған шешендік сөздер, терме-толғаулар әр кез ұлы дарындарға қуат берген. Осы негізде қарайтын болсақ, Бердақ пен Абайдың сөз өнерінде

өзіндік биіктен көрінуінде халықтың даналық ойы, бай мұрасы жатыр. Сондықтан қарақалпақ сөз зергерлері Абай туындыларын жатсынбай, өзіне үлгі-өнеге ретінде қабылдады. Түркі тілдес ақындардың сөз өнеріндегі бір мектебі сөзге көп мән сыйғызар халықтың мақал-мәтелдері екені байқалады. Мәселен, Бердақ пен ұлы Абай бірін-бірі білмесе де, танымаса да, оларды таныстырған, бауырластырған туған әдебиетінің інжу-маржандары, дидактикалық шығармалары. Мәселен, Бердақта:

*Әжел жетип өлсем бұл күнде өзим,
Кейнимде қаларлар тәріп боп сөзим,
Көрди бир нешшени тириімде көзим,
Парқын билген хызмет етер ел ушын* (Бердақ, 1977: 35).

Екі ақын да сөз өнері құдірет екенін терең біледі. Халық мақалында: «Өнер алды - қызыл тіл», «Тіл қылыштан өткір» дейді. Өнерді туғып көтерген ақындар сөз өнеріне екі қырдан келгенімен, бір ойда тоғысып отыр. Абай сөз өнері бар өнердің абзалы деп танып, оған көптеген өлеңдерін арнаған: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» және т. б.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақ-қарақалпақ халықтарының туыстығы мен бауырластығын ардақтап, шығармашылығына үлгі еткен Өзбекстан, Қарақалпақстан Республикасының халық жазушысы, Қарақалпақстан Республикасы Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты Жолмырза Аймұрзаев. Ол Абайдың өлең өрнектерінен толық зерделеп, пайдаланған. Бердақтың шәкірті болумен, Абайға да шәкірттігін мойындайды. Жолмырза Абай өлеңдері өрнегіне сырттай еліктеуші емес, Абайдың ішкі жан дүниесін ұғуды өзіне мақсат еткен. Жолмырза Аймұрзаевтың «Абай сөзі өмірге алтын бұлақ» өлеңінде тереңдей түседі.

*Түн жарып талұас етип шыққанымда,
Аспанда айды көрсем, Абай дедім.
Өлең айтсам жасымда, шаққанымда,
Қосығын халқым ушын айтып келдім...
Абайдың хәр бир сөзи, хәр өлеңи –
Өмірдің таусылмастай жан азығы.
Жүйріктің жол өндирер жорға өнери
Мысалы төрт мәусимнің жылы, жазы.
Жар салып жер жүзине мақтанаман.
Ашығыман Абайдың жұлдызының,
Абай деп қосық айтып атланаман,
Мен биримен қазақтың ұл-қызының...
Абай арқылы дарынын шыңдаған жазушы
«Абайды тыңдайтуғын құлақ болып,*

Тыңлаттым туысқанға – бәрше жанға», (Аймұрзаев, 1996: 82) – деп, Абай шығармасын туған еліне, халқына жайғандығын мақтан тұтады. Ақын ізденіс үстінде Абайдың 1890 жылдары жазған «Бай сейілді», «Ем таба алмай» өлең өрнектерін үлгі тұтқан. Абай былай жазады:

*Жөнді, жөңсіз,
Сөз теңеусіз,
Бас пен аяқ бір қысап.
Ұрысса орыс,*

Елге болыс,
Үйрен үрген итке ұсап,
Өзі ұлыққа,
Қәдір жоққа,
Қарамай өз халқына.
Сөз қайырмай,
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына (Абай, 1963: 162).

Абай өлеңі абааб ұйқасына құрылған. Жолмырза Аймұрзаев «Салдық завод» өлеңін жазуда Абайдың осы өлең ұйқасын өзінің шығармасына дарытқан. Көріңіз:

Күшти қосып,
Жеделлесип,
Қолға алдық жұмысты.
Жеңди түріп,
Тайын турып,
Молдан салдық құрылысты.
Қалип алып,
Гербиш қуып
Аштық истиң гүресин.
Пәтлендирип
Уллы истиң
Салдық завод иргесин (Жумамуратов, 1963: 86).

Нәтижелер мен талқылаулар

Ақын «Салдық завод» өлеңінде Абайдың ұйқас үлгісін қабылдаумен бірге, буын, буынақ өлшемдерін де игерген. Буын сандары 4,7 буындарға құрылған. Сондай-ақ, әр сөзге ек-пін түсіруі де сәйкес.

Қарақалпақ ақындары да өнерге ең таңдаулы шығармаларын жазды. Мәселен, Мырзағали Дәрібаевтың мына өлең қатарлары:

Шайыр өлсе, сөзи қалар изинде
Хасыл сөзи, жақсы иси өлмейди.
Шайыр өлсе, жаны қалар сөзинде
Ис пенен сөз өлимге бас иймейди (Дәрибаев, 1987: 3).

Абайда:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай, 1961: 35) – деген өлең жолдарымен үндесіп жатыр. Қарақалпақстан және Өзбекстан халық шайыры Садық Нұрымбетов «Ағайын» өлеңінде:

Бир гезде Диваев сыйлап Бердақты,
Шоқаның да бизиң елди мақтапты,
Еситсең сол қарақалпақты,
Шын дослықты сыйлап келдик, ағайын
Көз жүгіртсек түп бабаңнан негиз бар,
Серик болып ениши алысқан лебиз бар.
Кәнин қушып пайдаланған теңиз бар.
Әмиу жақтан Сырлап келдик, ағайын

*Қатым-қарыс халықтарың аралас,
Аралдағы балықтарың аралас,
Жазыудағы хәриплериң аралас,*

Айырмаң аз, байқап келдик, ағайын (Нурымбетов, 1961: 17), – дейді. Қазақ-қарақалпақ достастығы әріден, Шоқаннан, Кердеріден, Бердақтан басталды, тағдырластық ұласты. Өмір нәрі байлығы да, рухани байлығы да, жазу әрпіне дейін аралас халық, қаны да, жаны да жақын.

*Биз халықыыз бурыннан-ақ иргелес,
Хәзил, дәстүрлериң уқсас биргелес.
Алатай төбеси Қаратай үсти,
Абайдың хайазы, Бердақтың сести,*

Бир-биринен қашық болған емес-ти (Нурымбетов, 1961:20), – деген Садық Нұрымбетов. Ол Қазақстан Жазушылар одағының төртінші съезінде тағы да:

*Сорасқанда түбимиз бир ағайын,
Көрискенде түримиз бир ағайын,*

Сөйлескенде тилимиз бир ағайын... (Нурымбетов, 1961), – деп еді. Осынау ұлағатты елдің, қарақалпақ халқының азаматтары, ақын-жазушылары Абайдың есімін қарақалпақ әдебиетінде мәңгілік жасау үшін Абайға өлең-жырларын арнаған. Абай арқылы қазақ халқына деген құрметін жеткізген. С. Нұрымбетов алғашқылардан болып Абай бейнесін қарақалпақ көркем сөзінде жырлауға ат салысты. Оның «Абай естелігіне» деген өлеңі ақынға, шығармашылығына үлкен құрмет, сүйіспеншілік танытқан.

*Еситкендей болдым шалған күйиңди,
Татьянаң әни есима түйилди.
Абайым деп жаным сонша сүйинди,
Жүрегимнен орын алған естелик.
Қарақалпақлы мен де сениң бир балаң,
Әуладыңның тойларында жырлаған.
Саған тартыў болсын бир түп лалам.*

Тууысқанлар қәстерлеген естелик (Нурымбетов, 1961: 22), – деген. «Абайым деп жаным сонша сүйінді», «Қарақалпақлы мен де сениң бір балаң», – деп туыс халықтың ардақты ақынының тебіреніп сөйлеуі, қарақалпақ халқының ой-пікірі деп қабылдауымыз керек. Біртуар азамат ұлдар осылай сөйлер болар. Өзбекстан, Қарақалпақстан халық шайыры, Қарақалпақстан Республикалық Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты ақын Тілеуберген Жұмамұратов – «Қазақстан жерінде» деген өлең топтамасында «Абай ескерткішіне» деген өлең арнаған. Ол осы өлеңінде Абайды:

*Көринер түсим, қосығымда
Абай, Мұхтардың ұллы томында Абай.
Қай жаққа барсам алдымнан шығып,*

Гезлесер жүрген жолымда Абай (Жұмамұратов, 1963: 46) – деді. Осылай бағалап, осылай түсінген қарақалпақ әдебиетінің жүйрігінің сөзі Абайдың қарақалпақ халқына ардақты екенін аңғартса керек. Өзбекстан, Қарақалпақстан халық шайыры Қарақалпақстан Республикалық Бердақ атындағы сыйлықтың лауреаты Ибрайым Юсупов: «Пушкинге», «Шайыр», «Әжинияздың монологы», «Ташкентли шайыр досларыма», «Қаламлес дослары-ма», «Айт сен Әжинияздың қосықларынан» т.б. өлеңдерін жазды. Ол соңғы өлеңінде былай дейді:

*Мен оны тыңласам, қалмай тақатым,
Кеулімде бир гошшақ бұлбил сайраған.
Мен оны тыңласам, туыған елатым*

*Жер жәннети болып көринер маған,
Жұлдызларды жерге үңілтпек болсаң,
Жаман шайырларды түңілтпек болсаң,
Егер мен өлгенде тирилтпек болсаң,
Айт сен Әжинияздың қосықтарынан* (Юсупов, 1987:106).

Майталман лирик, философ ақын Ибрайым Юсупов қаламына ұлы Абай мен Бердақтың, халықтың даналық сөздері қанат бітіргендігі сөзсіз. Оның «Жаман шайырларды түңілтпек болсаң» дегенінде Абайдың:

Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз, бишарасы – деген өлең қатарларымен үндесіп, қарақалпақ әдебиетіне жаман шайырлардың келмеуіне себеп болады деген ой жатыр.

И. Юсуповтың «Мен Абайды жатқа білген халықпын» өлеңінде Абай туралы бүкіл қарақалпақ халқы атынан сөйлейді. Қарақалпақ аймағынан шығып, аты Орта Азия және Қазақстан көлемінен әрі, әлемдік деңгейде танылған ақынның бұл өлеңі Абай тойында оқыған. Өлең қарақалпақ халқының Хәкім Абайды қалай түсініп, қадірлеп бағалайтынымен құдіретті. Сонымен бірге, XX ғасырдағы кемеңгер ақын И. Юсуповтың өлең арқылы жүрек төріндегі иірімді ойларын ақжарқын айта білген.

*Шыңғыс тауда шыққан Абай жырлары,
Көп жаңғыртқан қарақалпақ қырларын.
Бердағымның қосығына қосылып,
Қулағыма бирге шерткен сырларын ...
Жырласқанда жырына дым қанықпаны,*

Мен Абайды ядқа билген халықпын (Юсупов, 1987: 67) – деген жыр қатарлары Абайдың қарақалпақ халқында қандай қадір-беделге ие екендігін көрсетеді. Сондай-ақ:

Сен Абайдың бирер сөзін умытсаң,

Мен айтайын, кел де менен сорап ал..., – деп, Абай сөзін, Абай нәрін түсінбейтін, Абайға мән бермейтін кейбір бауырларына, қайсыбір оқырмандарына миығынан күліп тұрғандай, өлең қатары әсер береді. Дарабоз ақынның Абай арқылы Бердаққа, Бердақ арқылы Абайға, Абай мен Бердақ арқылы қазақ, қарақалпақ халқына деген азаматтық пер-зенттігін көрсетеді. Түркі халықтарына ортақ ақын, заманынан оза туған Хәкім Абай шығармашылығы қарақалпақ әдебиеттану ғылымында мол насихатталып, барынша зерделенді.

Қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстары, Қарақалпақстандағы қазақ әдебиетін зерттеу бойынша Қазақстан Республикасы Қазақ ұлттық Ғылым академиясының құрамындағы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлері Т. Бекхожин, Т. Қанағатов, Б. Ысқақов, Б. Байділдаев, Т. Сыдықов, музыка зерттеушісі А. Серікбаевалар тарапынан 1960-63 жылдары арнайы экспедиция ұйымдастырылып, екі халықтың туыстық, тектік келіп шығуы бойынша, осы аймақтағы қазақ әдебиетінің жиналу, зерттелуіне үлкен сапар жасаған болатын. Бұл бойынша қазақ ғалымдарының, қарақалпақ-қазақ ғалымдарының біргелікте жасаған көптеген еңбектері жарық көрді.

Екі халық арасындағы әдеби байланыстар тәуелсіздік алғаннан соңғы жылдары сиректеп, ондаған жылдар бойы арамыз суып, жатсынып қалған жайымыз бар. Ал, қазіргі күнде көршілес елдер және әлем халықтарымен мәдени, әдеби, экономикалық байланыс күшейіп, түркі халықтар арасындағы әсіресе әдеби байланыстардың жолға қойылғандығы әдебиет үшін, әдеби бағыт пен әдеби үдеріс үшін, жалпы бейбіт өмір сүру үшін ықпалы зор.

Қазақ-қарақалпақ халықтарының этникалық, әдеби, лингвистикалық, мәдени зерттеулер, өзара байланыстары жөнінде қазіргі күнде ғалымдардан Қ. Жұмажанов,

Қ. Аралбаев, Б. Бекетов, Б. Омаров, Ш. Ссамутова, Г. Адилова, Ы. Құттымұратовалар арнайы зерттеп, екі халықтың жақындығы, туыстығы сонымен бірге өзіндік ерекшелігін дәлелдеп ғылыми жұмыстар, кітаптар шығарып жүр.

Қорытынды

Жалпы білім беретін орта мектептің әдебиет оқу кітаптарының туысқан халықтар әдебиеті бөлімінде қазақ әдебиетін Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы көшін бастап тұр. Бұл туысқан халықтар әдебиетінің, соның ішінде Абай шығармашылығының жас ұрпаққа әрқашан құны жоғары, берер тәлімі мол екендігін, түркі халықтарының әдеби-мәдени байланыстары мен мызғымас достығының айғағы деп білеміз.

Сонымен бірге соңғы жылдарда Өзбекстан Республикасы Президенті Ш.М. Мирзиёев тарапынан Абай Құнанбаевты насихаттауға байланысты арнайы қаулы қабылданғаны, Ташкент қаласының қақ төріне Абайға ескерткіш қойылуы, Абайды тану, Абай шығармаларын үйрену, насихаттау сияқты игілікті істердің жалғасуы туысқан халықтар әдебиетіне деген құрметтің, бауырмалдықтың толастамағанынан дерек береді.

Түркі әдебиетіндегі Абайтану ғылымына үлес қосқан, зерттеп, насихаттап жүрген ғалымдар еңбегінің салмағы әрқашан бағалы болмақ. Себебі, рухани бай халық қана ұлы мемлекет болып қалары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- Абай. (1961). *Таңдамалы шығармалар*. Алматы.
Аймурзаев, Ж. (1996). *Дослық жырлары. Таңдамалы шығармалар*. «Қарақалпақстан».
Бердақ. (1977). *Таңдамалы шығармалар*. Нөкіс.
Дәрибаев, М. (1987). *Таңдамалы шығармалар*. Москва.
Жумамуратов, Т. (1963). Абай ескерткішіне. *Әмірдарья журналы*, №12, 46-б. Нөкіс.
Жұмажанов, Қ. (1995). *Абай және қарақалпақ әдебиеті*. Алматы.
Нурымбетов, С. (1961). Туысқанлық жырлары. *Әмірдарья журналы*, №1, 17-б.
Юсупов, И. (1987). *Иош*. Нөкіс. Қарақалпақстан.

References

- Abai. (1961). *Selected works*. Almaty.
Aymurzaev, Zh. (1996). *Doslyk jyrlary. Selected works*. Karakalpakstan.
Berdakh. (1977). *Selected works*. Nukus.
Daribaev, M. (1987). *Selected works*. Moscow.
Jumamuratov, T. (1963). Abai eskertkishine [To the monument of Abai]. *Amudarya Journal*, 12, p. 46. Nukus.
Jumazhanov, Q. (1995). *Abai and Karakalpak literature*. Almaty.
Nurymbetov, S. (1961). Tuyskhanlyk jyrlary [Poems of kinship]. *Amudarya Journal*, 1, p. 17.
Yusupov, I. (1987). *Iosh*. Nukus. Karakalpakstan.

T. Tortkulbayeva

*Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz,
Nukus, Republic of Karakalpakstan
(E-mail: tortkulbaevatursynaj@gmail.com)*

Abai's Creative Legacy and Karakalpak Literature

Abstract. In the study of the interrelations between Kazakh and Karakalpak literatures, the creative legacy of Abai Kunanbayev occupies a central place. During the examination of literary connections between the two peoples, Abai's works should be regarded as a significant subject within Karakalpak literature. One of the main reasons for this is the closeness of the living environment and language of the Kazakh and Karakalpak peoples, as well as the fact that the sources of Abai's artistic inspiration originate from oral folk literature. Folk didactics based on eloquent speech, *terme* and *tolgau* have always provided spiritual strength to great talents. From this perspective, the attainment of artistic heights in the verbal art of Berdakh and Abai is deeply rooted in the people's wisdom and rich cultural heritage. Therefore, Karakalpak literary figures embraced Abai's works as kindred and accepted them as a model and source of inspiration.

Keywords: Abai Kunanbayev, Karakalpak literature, translation issues, Turkic peoples, kinship.

Т.Торткульбаева

*Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза,,
г. Нукус, Республика Каракалпакстан
(E-mail: tortkulbaevatursynaj@gmail.com)*

Творчество Абая и каракалпакская литература

Аннотация. В процессе исследования взаимосвязей казахской и каракалпакской литератур особое место занимает творчество Абая Кунанбаева. При изучении литературных связей двух народов наследие великого Абая в каракалпакской литературе должно рассматриваться в числе приоритетных тем. Одной из главных причин этого является близость жизненной среды и языка казахского и каракалпакского народов, а также то, что истоки художественного творчества Абая берут начало в устном народном творчестве. Народная дидактика, основанная на ораторских высказываниях, *терме* и *толгау*, во все времена служила источником духовной силы для великих дарований. С этой точки зрения, в достижении художественных высот в словесном искусстве Бердака и Абая важную роль сыграли народная мудрость и богатое духовное наследие. Поэтому каракалпакские мастера слова воспринимали произведения Абая как близкие и принимали их в качестве примера и духовного ориентира.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, каракалпакская литература, проблемы перевода, тюркские народы, родство

Авторлар туралы мәлімет:

Торткүлбаева Т. – PhD, доцент, Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты. Нөкіс қ., Қарақалпақстан Республикасы

Information about author:

Tortkulbayeva T. – PhD, Associate Professor, Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz, Nukus, Republic of Karakalpakstan.

Сведения об авторе:

Торткульбаева Т. – PhD, доцент, Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, г. Нукус, Республика Каракалпакстан.



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License